

Пәтер иелерінің тұтыну кооперативтерінің қызметін қолдау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 сәуірдегі N 570

Тұрғын үй-коммуналдық саланы реформалау жөніндегі бұрын қабылданған үкімет шешімдерін жүзеге асырудың баяу қарқынына байланысты, сондай-ақ пәтер иелерінің тұтыну кооперативтерін табысты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдардың назары тұрғын үй-коммуналдық саланы реформалау мәселелеріндегі жұмыстың жеткіліксіздігіне аударылсын.

2. Жергілікті атқарушы органдар:

бір ай мерзім ішінде пәтер иелерінің тұтыну кооперативтеріне (бұдан әрі - тұтыну кооперативі) үйлердің үй ішіндегі желілерінің жобалық-сметалық құжаттамасын қоса алғанда түгендеу істерін тегін беру жөнінде шаралар қабылдасын;

<*>

тұрғын үйлердегі тұрғын емес үй-жайларды жалға алушылармен шарттарға үйлерді тұтыну кооперативтерімен бірлесіп ұстау жөніндегі шығыстарға жалға алушылардың қатысуы жөніндегі ережелерді кіргізу, ал жасалған шарттар бойынша - оларға тиісті толықтырулар енгізу жөнінде шаралар қабылдасын;

тұтыну кооперативтерінің қызметкерлерін орналастыру үшін белгіленген тарифтік ставкалар бойынша жалға алу шартымен үй-жай бөлуге жәрдем көрсетсін.

Ескерту. 2-тармақтың 3 абзацы алынып тасталды - ҚРҮ-нің
1997.09.12. N 1332 қаулысымен. P971332_

3. Тұрғын үйлердегі жекешелендірілмеген үй-жайлар (үйлердің "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес ортақ меншік құқығымен мекен-жай иелеріне тиесілі бөліктерін қоспағанда) мемлекеттік меншік болып табылады және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жекешелендіруге жатады. <*>

ЕСКЕРТУ. 3 жаңа тармақпен толықтырылды, 3,4,5,6-тармақтар
тиісінше 4,5,6,7-тармақтар болып саналды - ҚРҮ-нің
1997.09.12. N 1332 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика және сауда министрлігі:

1997 жылдың 1 маусымына дейін белгіленген тәртіппен олардың құрамынан жөндеу-құрылыс, жөндеу-пайдалану бөлімшелерін, үй басқармаларын, есеп айырысу-есептеу орталықтарын, авариялық қызметтерді, қатты тұрмыстық

қалдықтарды әкету қызметтерін, жайластыру учаскелерін, антенна цехтарын, лифт шаруашылықтарын дербес заңды тұлға ретінде бөлу жолымен тұрғын үй-коммуналдық сала ұйымдарын қайта ұйымдастыруды аяқтасын;

тұрғын үй-коммуналдық сала ұйымдарының қайта ұйымдастырылуына орай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының мемлекеттік меншіктегі объектілерін немесе акциялардың мемлекеттік пакеттерін ашық конкурстарда сату үшін беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне коммуналдық қызметтерге приборлық есеп жүргізу жөнінде ұсыныс енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717 _ Заң күші бар Жарлығына жер құқық қатынастары субъектілеріне жерге орналастыру жұмыстарына ақы төлеу жөнінде жеңілдіктер беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс енгізісін.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі